Әділет

# Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

## *Күшін жойған*

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 19 ақпандағы N 22 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Райымбек ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 23 ақпанда N 2-15-81 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 ақпандағы N 55 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2011.02.23 N 55 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20-бабына және 5-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының « Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, ауданның жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарын жұмыспен уақытша қамту мақсатында, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру үшін аудан Әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Райымбек ауданы бойынша 2010 жылы ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері № 1 қосымшаға, қоғамдық жұмысты ұйымдастыратын ұйымдар тізбесі және қоғамдық жұмыстардың көлемі мен басқада нақты жағдайлары № 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысушыларға төленетін айлық еңбек ақы Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде белгіленсін.

3. Әлеуметтік төлемдер бойынша «Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесін қаржыландырудың жиынтық жоспарын бекіту және оның атқарылуына мониторинг жүргізу « Аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Омархалық Қайрат Байқайыпұлына тапсырылсын.

4. Райымбек ауданының уәкілетті органында жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарды қоғамдық жұмыспен қамту үшін 2010 жылға арналған қоғамдық жұмыстың түрлерін басшылыққа алу, осы жұмыс түрлерін ұйымдастыру селолық , поселкелік округ әкімдерімен жұмыс берушілерге және «Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Зықаев Халық Сансызбайұлына міндеттелсін.

5. Аудандық Әділет басқармасынан 16 сәуір 2009 жылы № 2-15-67 санымен

тіркелген, аудандық «Хантәңірі» газетінің 18 сәуір 2009 жылғы № 15 (7577) санына жарияланған аудан әкімдігінің 31 наурыз 2009 жылғы «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» № 75 Қаулысының күші жойылған деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау басшылық жасау аудан әкімінің орынбасары Қуанышев Ерлік Қуанышұлына жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі А. Айтжанов*

Райымбек ауданы әкімдігінің «19» ақпандағы 2010 жылғы № 22 Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы қаулысының № 1 қосымшасы

## 2010 жылға ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері

1. Елді мекендерде, парктерде экологиялық тазарту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүргізуге көмектесу;

2. Елді мекендердің, өндірістік кәсіпорындардың, мекемелердің аумағын тазалау, ағаштардың қураған сабақтарын кесу, түбін әктеу, қоршауларды түзеу және сырлау жұмыстарын жүргізуде селолық, поселкелік округ әкімдіктеріне, тұрғын үй коммуналдық шаруашылықтарына көмектесу;

3. Кең көлемді мәдени шаралар өткізуді ұйымдастыруға көмек көрсету (шара өтетін жерлерді тазалау, әктеу, сырлау, стенд, билборд, плакаттар ілу, шақыру билеттерін тарату);

4. Көшелерде, парктерде су жүретін арықтарды қазу, тазалау жұмыстарын жүргізу;

5. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйден әлеуметтік көмек көрсету (әлеуметтік қызметкер);

6. Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге үйден әлеуметтік көмек көрсету ( әлеуметтік қызметкер)

7. Науқандық мал санағы жұмыстарына көмектесу (сауалнама, шақыру қағаздарын тарату);

8. Бюджеттік төлемдер төлеуге байланысты селолық, поселкелік округ тұрғындарына төлемдер төлеу мерзімі мен көлемі жайлы ескерту қағаздарын тарату;

9. Кезекті әскер қатарына шақыруға байланысты, азаматтарға аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақыру қағазын тарату, шақырылушылардан

жинақталған құжаттарды жинақтау папкаларына реттеп тігу жұмыстарына көмектесу;

10. Даңқ аллеяларының, ескерткіштердің айналасын тазалау, қоршауларын түзеу, сырлау, ағаштардың түбін әктеу;

11. Ұлы Отан Соғысы ардагерлерінің үйлерін жөндеу, ауласын тазалау, қоршауларын түзеу және сырлау жұмыстарына көмектесу;

12. 18-жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына төленетін балалар жәрдем-ақысын, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және өздері жылытатын үйде тұратын тұрмысы төмен отбасыларына төленетін тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасыларын, учаскелік комиссияның отырысына шақыру, қабылданған құжаттарды реттеп тігу, жәрдем ақының тағайындалғаны немесе тағайындалмағаны жайлы ескерту хабарламаларын тарату;

13. Елді мекендердегі көшелерді тазалау, шұңқырларды құмтаспен толтыру, көше жиектеріне ағаш егу, шарбақтарды түзету.

14. Сайлау науқаны кезінде, сайлаушыларға шақыру қағаздарын тарату;

15. Кітапханаларда кітаптарды түптеу, жыртылған кітаптарды желімдеу, қаптау жұмыстарына көмектесу;

16. Мекемелердің мұрағаттарындағы іс - қағаздарының тозған қаптарын айырбастау, тігу, бумаға байлап, сөрелерге реттеп орналастыру, әлеуметтік сауалнама қағаздарын тарату жұмыстарына көмектесу;

17. Шаруашылық кітаптарын толтыруға қажетті қосымша мәліметтерді анықтау үшін ауыл тұрғындарын әкімдікке шақыру;

18. Тарихи сәулеттік ескерткіштердің айналасын тазалау, бордюрлерін, қоршауларын түзеу, сырлау, гүлзарларға гүл егу, ағаштар отырғызу, түптерін әктеу, күтіп-баптау жұмыстарына көмектесу;

19. Көшеттер отырғызуға, оларды күтуге көмектесу;

20. Жұмысқа орналасуға мұқтаж азаматтардың еңбек нарқына бейімделулеріне, жұмыс іздеу тәсілдерін үйренулеріне, кәсіптік бағдар, кеңестер алуларына, босаған немесе жаңа ашылған жұмыс орындарын іздеулеріне қажетті ақпараттарды тарату, жұмыссыздарды уәкілетті органға шақыру;

21. Аз қамтылған отбасы балаларымен жұмыс істеу аула клубтарын ұйымдастыру жұмыстарына көмектесу;

22. Мүгедек азаматтарға көмек қолын созу;

Ескерту: Қоғамдық жұмыстар тізбесі жергілікті атқарушы органдардың шешімімен толықтырылуы мүмкін.

Атқарылатын жұмыстар аймақ үшін экономикалық, әлеуметтік, экологиялық пайдалы болуы тиіс.

Ұйымдардың штаттық қызметкерлерін ығыстыруға және алмастыруға,

сондай-ақ бюджеттік ұйымдарда қоғамдық жұмыстар есебінен штаттан тыс қызметкерлер ұстауға жол берілмейді.

Райымбек ауданы әкімдігінің «19» ақпандағы 2010 жылғы № 22 Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы қаулысының № 1 қосымшасы

# Райымбек ауданы бойынша 2010 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыратын ұйымдар тізбесі және қоғамдық жұмыстардың көлемі мен басқа да нақты жағдайлары

| Реті № | Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырушы жұмыс берушілер атауы | Ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері | Бір адамға айына төленетін қаржы көлемі (теңге) | 1 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруға бөлінген қаржы (мың теңге) | Қоғамдық жұмыстың толы емес жұмыс күні (сағат) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1. Елді мекендерде, парктерде экологиялық тазарту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүргізуге көмектесу;<br>2. Елді мекендердің, өндірістік кәсіпорындардың, мекемелердің аумағын тазалау, ағаштардың қураған сабақтарын кесу, түбін әктеу, қоршауларды түзеу және сырлау жұмыстарын жүргізуде селолық, поселкелік округ әкімдіктеріне,тұрғын үй коммуналдық шаруашылықтарына көмектесу;<br>3. Кең көлемді мәдени шаралар өткізуді ұйымдастыруға көмек көрсету (шара өтетін жерлерді тазалау, әктеу, сырлау, стенд, билборд , плакаттар ілу, шақыру билеттерін тарату);<br>4. Көшелерде, парктерде су жүретін арықтарды қазу, тазалау жұмыстарын жүргізу;<br>5. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйден әлеуметтік көмек көрсету (әлеуметтік қызметкер);<br>6. Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге үйден әлеуметтік көмек көрсету (әлеуметтік қызметкер)<br>7. Науқандық мал санағы жұмыстарына көмектесу (сауалнама, шақыру қағаздарын тарату);<br>8. Бюджеттік төлемдер төлеуге байланысты селолық, поселкелік округ тұрғындарына төлемдер төлеу мерзімі мен көлемі жайлы ескерту қағаздарын тарату; | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Кеген селолық округі әкімдігі | 9. Даңқ аллеяларының, ескерткіштердің айналасын тазалау, қоршауларын түзеу, сырлау , ағаштардың түбін әктеу;<br>10. Ұлы Отан Соғысы ардагерлерінің үйлерін жөндеу, ауласын тазалау, қоршауларын түзеу және сырлау жұмыстарына көмектесу;<br>11. 18-жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына төленетін балалар жәрдемақы-сын, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және өздері жылытатын үйде тұратын тұрмысы төмен отбасыларына төленетін тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасыларын учаскелік комиссияның отырысына шақыру, қабылданған құжаттарды реттеп тігу, жәрдем ақының тағайындалғаны немесе тағайын-далмағаны жайлы ескерту хабарламаларын тарату;<br>12. Елді мекендердегі көшелерді тазалау, шұңқырларды құм-таспен толтыру, көше жиектеріне ағаш егу, шарбақтарды түзету.<br>13. Сайлау науқаны кезінде, сайлаушыларға шақыру қағаздарын тарату;<br>14. Шаруашылық кітаптарын толтыруға қажетті қосымша мәліметтерді анықтау үшін ауыл тұрғындарын әкімдікке шақыру;<br>15. Тарихи сәулеттік ескерткіштердің айналасын тазалау, бордюрлерін, қоршауларын түзеу, сырлау, гүлзарларға гүл егу, ағаштар отырғызу, түптерін әктеу, күтіп –баптау жұмыстарына көмектесу;<br>16. Жұмысқа орналасуға мұқтаж азаматтардың еңбек нарқына бейімделулеріне, жұмыс іздеу тәсілдерін үйренулеріне, кәсіптік бағдар, кеңестер алуларына, босаған немесе жаңа ашылған жұмыс орындарын іздеулеріне қажетті ақпараттарды тарату, жұмыссыздарды уәкілетті органға шақыру. | 14952 | 1933664 | 7 сағат |

кестенің жалғасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Нарынқол селолық округі әкімдігі | 1. Елді мекендерде, парктерде экологиялық тазарту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын жүргізуге көмектесу;<br>2. Елді мекендердің, өндірістік кәсіпорындардың , мекемелердің аумағын тазалау, ағаштардың қураған сабақтарын кесу, түбін әктеу, қоршауларды түзеу және сырлау жұмыстарын жүргізуде селолық,поселкелік округ әкімдіктеріне, тұрғын үй коммуналдық шаруашылықтарына көмектесу;<br>3. Кең көлемді мәдени шаралар өткізуді ұйымдастыруға көмек көрсету (шара өтетін жерлерді тазалау, әктеу, сырлау, стенд, билборд, плакаттар ілу, шақыру билеттерін тарату);<br>4. Көшелерде, парктерде су жүретін арықтар қазу | 14952 | 1958520 | 7 |
| 3 | Тұйық селолық округі әкімдігі | | 14952 | 303992 | 7 |
| 4 | Саты селолық округі әкімдігі | | 14952 | 224280 | 7 |
| 5 | Жалаңаш селолық округі әкімдігі | | 14952 | 877120 | 7 |
| 6 | Тасашы селолық округі әкімдігі | | 14952 | 438560 | 7 |
| 7 | Қарабұлақ селолық округі әкімдігі | | 14952 | 627980 | 7 |
| 8 | Жылысай селолық округі әкімдігі | | 14952 | 448560 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Ұзынбұлақ селолық округі әкімдігі | , тазалау жұмыстарын жүргізу.<br>5. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйден әлеуметтік көмек көрсету (әлеуметтік қызметкер) ;<br>6. Жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге үйден әлеуметтік көмек көрсету (әлеуметтік қызметкер)<br>7. Науқандық мал санағы жұмыстарына көмектесу (сауалнама, шақыру қағаздарын тарату);<br>8. Бюджеттік төлемдер төлеуге байланысты селолық, поселкелік округ тұрғындарына төлемдер төлеу мерзімі мен көлемі жайлы ескерту қағаздарын тарату;<br>9. Даңқ аллеяларының, ескерткіштердің айналасын тазалау, қоршауларын түзеу, сырлау, ағаштардың түбін әктеу;<br>10. Ұлы Отан Соғысы ардагерлерінің үйлерін жөндеу, ауласын тазалау, қоршауларын түзеу және сырлау жұмыстарына көмектесу;<br>11. 18-жасқа дейінгі балалары бар отбасыларына төленетін балалар жәрдем-ақысын, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті және өздері жылытатын үйде тұратын тұрмысы төмен отбасыларына төленетін тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасыларын, учаскелік комиссияның отырысына шақыру, қабылданған құжаттарды реттеп тігу, жәрдем ақының тағайындалғаны немесе тағайындалмағаны жайлы ескерту хабарламаларын тарату;<br>12. Елді мекендердегі көшелерді тазалау, шұңқырларды құм-таспен толтыру, көше жиектеріне ағаш егу, шарбақтарды түзету.<br>13. Сайлау науқаны кезінде, сайлаушыларға шақыру қағаздарын тарату;<br>14. Шаруашылық кітаптарын толтыруға қажетті қосымша мәліметтерді анықтау үшін ауыл тұрғындарын әкімдікке шақыру;<br>15. Тарихи сәулеттік ескерткіштердің айналасын тазалау, бордюрлерін, қоршау-ларын түзеу, сырлау, гүлзарларға гүл егу, ағаштар отырғызу, түптерін әктеу, күтіп-баптау жұмыстарына көмектесу; | 14952 | 797480 | 7 |
| 10 | Бөлексаз селолық округі әкімдігі | | 14952 | 448560 | 7 |
| 11 | Қарқара селолық округі әкімдігі | | 14952 | 448560 | 7 |
| 12 | Алғабас селолық округі әкімдігі | | 14952 | 340848 | 7 |
| 13 | Шырғанақ селолық округі әкімдігі | | 14952 | 877120 | 7 |
| 14 | Ұзақ селолық округі әкімдігі | | 14952 | 224280 | 7 |
| 15 | Қарасаз селолық округі әкімдігі | | 14952 | 652840 | 7 |
| 16 | Сарыжаз селолық округі әкімдігі | | 14952 | 652840 | 7 |
| 17 | Тегістік селолық округі әкімдігі | | 14952 | 224280 | 7 |
| 18 | Қақпақ селолық округі әкімдігі | | 14952 | 224280 | 7 |
| 19 | Текес селолық округі әкімдігі | | 14952 | 448560 | 7 |
| 20 | Шәлкөде селолық округі әкімдігі | | 14952 | 672880 | 7 |
| 21 | Қайнар селолық округі әкімдігі | | 14952 | 89263 | 7 |
| 22 | Сүмбе селолық округі әкімдігі | | 14952 | 967120 | 7 |
| 23 | Жамбыл селолық округі әкімдігі | | 14952 | 448560 | 7 |

кестенің жалғасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 24 | Зейнетақы төлеу орталығы | 1. Мекемелердің мұрағаттарындағы іс қағаздарының тозған қаптарын айырбастау, тігу , бумаға байлап, сөрелерге реттеп орналастыру, әлеуметтік сауалнама қағаздарын тарату жұмыстарына көмектесу; | 14952 | 259136 | 7 |
| 25 | Аудандық кітапхана | 1. Кітапханаларда кітаптарды түптеу, жыртылған кітаптарды желімдеу, қаптау жұмыстарына көмектесу; | 14952 | 89712 | 7 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 26 | Аудандық мұрағат | 1. Мекемелердің мұрағаттарындағы іс қағаздарының тозған қаптарын айырбастау, тігу , бумаға байлап, сөрелерге реттеп орналастыру, әлеуметтік сауалнама қағаздарын тарату жұмыстарына көмектесу; | 14952 | 134568 | 7 |
| 27 | Аудандық қорғаныс бөлімі | 1. Кезекті әскер қатарына шақыруға байланысты , азаматтарға аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақыру қағазын тарату, шақырылушылардан жинақталған құжаттарды жинактау папкаларына реттеп тігу жұмыстарына көмектесу; | 14952 | 303992 | 7 |
| 28 | ҚР ӘМТҚК Алматы облысы бойынша « Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық»РМК | 1. Мекемелердің мұрағаттарындағы іс қағаздарының тозған қаптарын айырбастау, тігу , бумаға байлап, сөрелерге реттеп орналастыру, әлеуметтік сауалнама қағаздарын тарату жұмыстарына көмектесу; | 14952 | 89712 | 7 |
| 29 | Кеген орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі | 1. Көшеттер отырғызуға, оларды күтуге көмектесу; | 14952 | 303992 | 7 |
| 30 | «Кеген көркейту» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | 1. Елді мекендердің, өндірістік кәсіпорындардың аумағын тазалау, ағаштардың қураған сабақтарын кесу, түбін әктеу, қоршауларды түзеу және сырлау жұмыстарын жүргізуде селолық, поселкелік округ әкімдіктеріне, тұрғын үй коммуналдық шаруашылықтарына көмектесу; | 14952 | 336061 | 7 |
| 31 | Үкіметтік емес ұйымдар | 1. Аз қамтылған отбасы балаларымен жұмыс істеу, аула клубтарын ұйымдастыру жұмыстарына көмектесу;<br>2. Мүгедек азаматтарға көмек қолын созу; | 14952 | 300680 | 7 |
| | Барлығы: | | | 16148000 | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК